

Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 19/136-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 ақпанды № 5491 болып тіркелді. Күші жойылды – Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 16.01.2023 № 21/428-VII шешімімен.

Ескеरту. Күші жойылды – Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 16.01.2023 № 21/428-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 болып тіркелген) сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Аягөз аудандық

мәслихат хатшысы

Б. Кусагов

С. Исаков

Аягөз аудандық мәслихатының

2018 жылғы 9 ақпандагы

№ 19/136-VI шешімінің

қосымшасы

Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 14.05.2019 № 37/252-VI шешімімен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық норма, 1 есептік бірлік текше метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,50
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,60
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,08
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,75
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,29
5	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, жинак банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,11
6	Емханалар	1 келіп кету	0,0005
7	Ауруханалар, өзге де өмдеу-сауықтыру мекемелері	1 тәсек-орын	1,30
8	Мектептер және өзге де оку орындары	1 окушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қогамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,60
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,03
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м ²	0,06
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,008
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м ²	0,08
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1м ²	1,06
	Өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1м ²	0,24
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м ²	0,30

16	Базарлар, сауда павильондары, дүнгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м ²	0,18
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м ²	0,18
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м ²	0,17
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м ²	0,14
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м ²	0,18
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1м ²	0,95
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м ²	0,26
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	3,26
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,30
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,26
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,61
27	Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательеі	Жалпы алаңы 1м ²	0,26
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м ²	0,78
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	5,21
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м ²	0,33
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын занды ұйымдар	1000 қатысушы	0,15
32	Бау - бақша кооперативтері	1 участке	2,25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК